



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

14.12. 2023 жыл

№ 29, 1-т.

2023 жылы кәсіподақ мүшелері мен балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру бойынша кәсіподақ мүшелік ұйымдарының жұмыс қорытындылары туралы

Кәсіподақтың Орталық комитеті аппаратының бас маманы Ғ.А.Айқұмбаеваның ақпаратын тыңдап, талқылағаннан кейін, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитеті мүшелік ұйымдар қызметінің негізгі бағыттарының бірі қызметкерлер мен олардың балаларының жазғы уақытта демалысын ұйымдастыру болып табылатынын атап өтеді.

2023 жылы барлығы 24 562 жұмысшы мен 5 846 бала жазғы демалыспен қамтылды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 5 437 жұмысшыға және 438 балаға аз.

Жазғы демалыспен қамтылған жұмысшылар мен балалар санының азаюы кейбір кәсіподақ ұйымдарының Салалық кәсіподақ құрамынан шығуына байланысты болды.

Жазғы демалысты ұйымдастыруға мүшелік ұйымдар 1 482 316 661 теңге жұмсалды. Оның ішінде 24 562 қызметкердің сауықтыруына 1 373 726 157 теңге, 5 846 баланың сауықтыруына 108 590 504 теңге бөлінді.

Жылдың қорытындысы бойынша ең көп қызметкерлер келесі ұйымдарда сауықтырудан өтті: Жамбыл обл. – 6163 адам, Шығыс Қазақстан обл. – 3041, Ақмола обл. – 2552, Қызылорда обл. – 1978, Солтүстік Қазақстан обл. – 1951, Ақтөбе обл. – 1478, Павлодар обл. – 1018 адам.

Өткен жылмен салыстырғанда шипажайларға сатып алынған жолдамалар саны 182-ге азайды. Сауықтырудан өткен білім беру қызметкерлерінің жалпы санынан 2023 жылы 6790 адам немесе 27% Қазақстан кәсіподақтар федерациясының шипажайларында демалды (1 063 174 220 теңгені құрады).

Ең көп қызметкерлер келесі шипажайларда сауықтырудан өтті: «Меркі» – 1338, «Манкент» – 1251, «Жанақорған» – 839, «Сосновый бор» – 824, «Көктем» – 776, «Мойылды» – 726, «Сарыағаш» – 513, «Щучинский» – 457.

Атқару комитеті жазғы демалыстың қорытындысы бойынша мәліметтерді ұсынған кезде мүшелік ұйымдардың жұмыстың оң тәжірибесін, сондай-ақ қызметкерлер мен балалардың демалысы мен сауығуын ұйымдастыру кезінде бар проблемалар мен шешілмеген мәселелерді көрсете отырып, неғұрлым толық және жан-жақты ақпаратты ұсыну қажеттілігіне назар аудару қажет екенін атап өтеді.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәсіподақтың Орталық комитеті аппаратының бас маманы Ғ.А.Айқұмбаеваның облыстық, қалалық кәсіподақ ұйымдарының 2023 жылғы жұмысшылар – кәсіподақ мүшелері мен олардың балаларының жазғы демалысы жөніндегі жұмысы туралы ақпараты назарға алынсын (Қосымша беріледі).

2. Жұмысшылар мен балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру бойынша мүшелік ұйымдар басшыларының мақсатты және сапалы жұмыс жүргізу қажеттігіне назар аударып, Кәсіподақтың Орталық комитетіне сапалы ақпараттың дайындалуын және ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Кәсіподақ басшылығы Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының басшылығымен кәсіптік одақ мүшелері үшін ҚР КФ шипажайларына жолдамалардың құнын төмендету туралы келіссөздер жүргізсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф.Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева